

¹Б.С. Әбжет, ²С.Ж. Құдасов

¹ф.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазак-турік университеті, Түркістан, Қазақстан (e-mail: bakyt.abzhet@ayu.edu.kz)

²SILKWAY Халықаралық университеті, Түркология ғылыми орталығының жетекшісі Шымкент, Қазақстан (e-mail: skudassov@mail.ru)

Алаша хан – Жошы хан

Андатпа

Макалада Ұлытау ауданында жерленген «Жошы хан», «Алаша хан» мазарларына байланысты ел ішінде тараган аңыздарды негізге ала отырып, оның Шыңғыс ханға қатысты тұсына мән берілген тырысады. Халық аузындағы аңыздар мен тарихи жазбаларды сарапай келе «Алаша хан» мазары Шыңғыс хан жерленген касиетті орын болуы мүмкін деген қорытынды жасайды. Алаш пен Алаша хан деген атаумен тарихта бірнеше хандардың аталғандығына, соның ішінде Шыңғыс пен оның ұлы Жошы ханның да осы атаумен аталғандығына назар аударады. Қай кезеңде де Қазақ даласында өмір сүрген көшпелі қыпшақ тайпалары ел болу жолында бір орталыққа бағыну, мемлекет құру жолында «Алаш» атауын ұран етіп көтеріп отырғандығы, сол арқылы Қазақ хандығы құрылғандығы, кейінгі мемлекеттік құрылымдарда да «Алаш» идеясының алға шығып отырғандығына тоқталады. Көшпелі қазақ тайпалары арасында билікті өз қолдарында ұстаган «төрелер институтының» қалыптасуы, сол арқылы мемлекет деңгейіне көтерілу жолында атқарған төрелер қызметінің маңыздылығы туралы ойларын ортаға салады. Мұндай тарихи орындарды насиҳаттаудың ұлт рухының оянуына тигізер маңызы айрықша екендігіне наза аударады.

Кілт сөздер: Алаша хан, Жошы хан, Ұлытау, таңбалы тас, қыпшақ даласы, мемлекет.

¹B.S. Abzhet, ²S.Zh. Kudasov

¹ Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
(e-mail: bakyt.abzhet@ayu.edu.kz)

²SILKWAY International University, Head of the scientific center of Turkology Shymkent, Kazakhstan (e-mail: skudassov@mail.ru)

Khan Alasha-Khan Joshi

Abstract

The author seeks to emphasize his narrative regarding Genghis Khan, based on the legends spread throughout the country about the Dzhil Khan and Alash Khan who are buried in the Ulytau region. Analyzing legendary and historical records, Alasha Khan suggests that this might be Genghis Khan, a sacred place for visitors. It is noted that the name of Alash Khan is mentioned in the history of several khans. The nomadic Kipchak tribes who lived in the Kazakh steppe at any stage point to the centralization of nationalization, the slogan “Alash” in the name of statehood, the formation of the Kazakh

Khanate, and the subsequent idea of “alash” in later state structures. Among the nomadic Kazakh tribes is the creation of the “Tore Institute (white bone)”, which held power in its hands, thereby emphasizing the importance of the role of Genghisides in their promotion to the state level. It is important to emphasize the importance of promoting such historic sites in order to awaken the spirit of the nation.

Keywords: Alasha Khan, Joshi Khan, Ulytau, runestone, Kipchak valley, state.

Ұлытау – Қазақ даласындағы ең қасиетті орындардың бірі. «Ұлытау» сөзінің өзі «ұлықтау», «хан көтеру» мағынасынан келіп шыққандығы белгілі. Бұрын керей, найман, татар, жалайыр, қоңырат, меркіт, т.б. тайпаларды өзіне қаратқан соң Темужинді Шыңғыстау баурайында ақ киізге отырғызып «Шыңғыс хан» атанған болса, кейінірек Қыпшақ даласын тегіс өзіне қаратып, алты алаштың басын біріктірген соң «Алаша хан» деген лақап атты алған болуы мүмкін. Алаша хан мен алаш жұрты дегендеге көшпелі қыпшақ жұртының басын құрап, мықты мемлекет құраган атақты ханның ел жадында сақталған бірлі-екілі аңыздары ғана сақталған. Алаша хан жайлы аңыз бен оның жерленген жеріне қарап оның Шыңғыс ханмен бір байланысы барлығын бағамдауға болады. Оның Ұлытауға жерленуі, Алаша ханның құрметіне ол жердің «Ұлытау» атануында да көп мән жатыр. Мәселе Шыңғыс ханның монгол не түрік нәсілінен шыққандығында емес, бұл жердегі назар аударуға тұрарлық жэйттің бірі – ел тізгінің ұстауға жарайтын көсемді Қазақ даласындағы тайпа басшыларының дер кезінде тани білуінде. Шыңғыс хан бұрынғы Түрік қағанатын қалпына келтіру жолында соғысты, Қыпшақ даласында мемлекеттік құрылымды орнықтыру жолында түркі тайпаларының көсемдерінің қолдауына ие бола білді. Оның мемлекет құру идеясын түркі бектерінің қолдап шыққандығын Л. Гумилев та айтып өтеді: «Это люди были аналогией тюркских беков, военных вождей «черной кости» (кара-сеок) у средневековых казахов, унаследовавших чингизовскую военную систему сложившуюся именно в конце XII в. и отнюдь не повторившую ни хуннскую, ни тюркутскую, ни уйгурскую, хотя некоторые титулы тюрок были заимствованы найманами, керейтами и монголами, однако они приобрели у них иные смысловые оттенки, потому что наряду с обывателями в орде жили степные богатыри – «люди длинной воли», наиболее близкие к хану. Именно благодаря им Тэмуджин стал Чингисом, а термин «хан» получил новое значение – государь» [1, 390 б.].

Тарихтан біледініміз қазақтың бірнеше тайпасы бір тудың астына бірігіп «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шыгарғанда» Алаш ұранымен шығатын болған. Бір жағынан мемлекет деңгейіне көтерілгенін білдіретін «Алаш» сөзі тарих бедерінде бірнеше рет қайталанып отырған. Жалпы «Алаш» ұранымен бір тудың астына біріккен қазақ тайпалары жайлы деректер ұшырасып отырады. «После выделения Джучиева улуса (одновременно с Джагатаевским улусом) в автономию, три бия – Майкы, Кунан и Алшын – произвели церемонию инагурации Жошы в качестве хана (сбор курултая, поднятие на белой кошме, наречение новым титулом-лакабом и приведение к присяге). Джучи был присвоен Алаша-хан третий. Алаша-ханом Первый был деятель эпохи Тюргешского каганата с титулом Уш-үйлік (кит. Учжилэ) и именем Сары-уйсын (не путать с Алаша-ханом по имени Кара-Жаурын-турк). Алашханом Вторым был деятель, сумевший объединить под лозунгом «Кыпшак» (букв. «вооружайся»), ставшим самоназванием этих племен. После Джучи был еще Алаш хан Четвертый (ногайский хан Ахмет). На месте инагурации был установлен кулпытаас (каменный монумент), на котором все вожди протоказахских родов и племен высекли свои родовые тамги. Тогда же был принят единый для всех предков казахов уран (боевой клич) «Алаш» [2, 15 б.].

Ақселеу Сейдімбеков те өзінің зерттеуінде түрколог F. Мұсабаевтың Іле бойынан табылған біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасырда тасқа қашап жазылған «Алты елдің ұлы ханы Алаша» деген жазуды келтіре отырып, кейінгі кезеңдегі «Алашаны» Шыңғыс хан дәуіріне әкеледі: «Демек, біз сөз етіп отырған мазардағы Алашаның «Алты Алаш» ұғымына, оның пайда болған кезіне катысы жоқ. Сондықтан қаланған кезін әрі қойғанда түркі-селян (VI–VIII ғғ.) мемлекеті кезіндегі Ұлытау маңындағы оғыздар ортасынан, бері қойғанда Қарахан заманының (X–XI ғғ.), одан да бергі Шыңғыс хан заманының (XII–XIII ғғ.) сілемінен іздеуіміз керек. Бұл пікірге мазардың салыну мерзімі де сәйкес келеді» [3, 195 б.].

Демек, Қазак даласында мемлекет құруды аңсаған көсемдер алаш туының астына жиылатын болған. Соның ең үлкені Шыңғыс хан дәуірінде орын алғаны байқалады. Н. Мыңжани да алашқа катысты мынадай дерек келтіреді: «XIII ғасырдың алғашқы жартысына жеткенде, Қыпшак, Найман, Қаракесек, Алшын, Қоңырат, Жалайыр сыңды алты рудан құралған Алаш одағы тағы жарыққа шыгады. Олар Алтайдан тартып Каспий теңізіне дейінгі өнірде жасайды, оңтүстікте

Сырдария, Жетісүмен шекараласады, олар Шыңғысханнан кейін Алтын Орда хандығына қарайды. Одактың басшысы Майқы би, ал ұраны тағы да Алаш болады» [4, 55 б.].

Демек, «Алаш» ұранды Қазақ мемлекеттілігінің құрыла бастауы Ұлытауда Шыңғыс ханнан басталатынын көруге болады. Ұлытау жерінде ертеден бері қазақтың найман тайпаларының балталы, бағаналы рулары өмір сүріп келе жатқаны белгілі. Найман атандың бір бұтағы өз ата-бабаларын Шыңғыс ханның баласы Алашадан тараймыз дейтін де дерек ұшырасады. «Найманы символически связаны с собакой, печенью, беркутом. Аргымый Кульджин конезаводчик из рода синих найманов сказал, что его ветвь ведет свое происхождение от Алаша, сына Чингиз-хана: Алаш-Бирки Найман- кара Найман-Коголок найман или Коко Мандык-Пура Найман. Первым на Алтае из клана Алаша Эргенди. В шапке из черной жеребячей шкуры, на высоком берегу реки жившие – черные майманы» [5, 88 б.].

Алаш ұранды қыпшақ тайпалары кейін ұлken ұлы Жошының балаларының үлесіне тиеді. Жалпы Шыңғыс хан төрт баласының ішінде тұңғышы Жошыны айрықша қатты жақсы көрген еді. Ең бір түйіні қатты, күрмеуі қыын түйткілді мәселені шешу үшін отқа да, суға да осы Жошыны салып отырған. Хорезм шахы қүшінің басымдығы жағынан Шыңғыстың әскерінен екі есе қуатты болғанына қарамастан Жошының сәтті жорықтар ұйымдастыра алғаны белгілі. Ургеніш үшін болған соғыста інісі Шагатай оған бағынбай, өзара алауыздықтың салдарынан мөголдардың әскері көп шығынға ұшырайды. Шыңғыс хан екеуіне басшы етіп Үгедейді тағайындауы кейін тақ мұрагері бол сайдануына жол ашады.

Жошы хан ретінде өзіне бағынған ұлыстарға жайлы болды. Оның үстіне Қазақ жерінде көшіп-қонып жүрген байырғы жауынгер қыпшақ-оғыз тайпаларын бір хандықтың астына біріктіріп, ұзақ жылдар бойы бір тудың астына жинап басқару үшін де оларды өзінің шебер дипломатиясы мен мықты тактикасының арқасында игеріп ұстая үшін де кең ақыл, терең парасаттылық қажет болатын. Осындай қасиеттердің барлығы төрт баласының ішінде тек Жошының бойынан табылған. Оны көреген екे о бастан сезді, сол үшін де жаулап алған жердің ең ұлken белігін Жошыға береді. Шыңғыс хан жаулап алған аймақтар ішінде төрелік билікті ғасырлар бойы өз қолында ұстап келгендер де осы Жошы ұрпағы болатын. Қазақ халқы осы күнге шейін Жошыдан тараған ұрпаққа «төрем төрге шық» деп өз ықыласы мен көңілін беріп, сыйлап төрге отырғызады.

«Шыңғыс-наме» кітабында: «Жошы хан ұлдарының үлкені еді. Ол [Шыңғыс хан] [оған] үлкен әскер берді де, Дешті Қыпшақ уалаятына тағайындал жіберді: «Аттарыңа жайылым болсын» деп Хорезм уалаятын [тағы] берді. Жошы хан Дешті Қыпшаққа бет алып, әйгілі Ұлы-тауға жетті. Бір күні тауда аң аулап жүргенінде оған бір табын марал-киіктөр кезігеді. Аңды қуалап жүріп атарда ол атынан жығылды да, содан мойны үзіліп, мерт болды» [6, 156–157 бб.], – деп баяндалады.

Жошының көзі тірісінде-ақ дақпырты алысқа кетуі, сол кездің өзінде-ақ қалған бауырлары мен сарай маңындағы беделді адамдардың қызығанышын тузырып отырды. Жошының әрбір қадамын аңдып отырган ұлыс хандары оны әкесіне жамандаумен болды. Мұндай қаңқу сөздерді таратушылардың бірі інісі Шағатай болатын. Қанша биікке ұмтылғанмен Шағатай хан Жошының деңгейіне жете алмай кетті. Оның иелігіне еткен жерлер де Шыңғыс ханның басқа ұлдарына берілген жерлерге қарағанда әлдекандай кіші болатын. Шағатайдың өзі де, одан тараган ұрпақтар да өзі билік жүргізген аймақта Жошы секілді зор құрметке ие бола алған жок. Оның басты себебі оның қызығаншақтығы мен мінезінің қатыгездіген туындал жатқан еді.

Шыңғыс ханды «Алаша хан» деп Жошы ұлысына қараған тайпалар ғана ұлықтаған сияқты. Бұл атату Шыңғыс хан өліп, басына күмбез тұрғызылған соң ханның атын құпия ұстасу мақсатында «Алаша ханның мазары» деп атаған болуы да мүмкін. Алаша ханға қатысты аңыздар мен деректерді Сарыарқа, Ұлытау, Еділ-Жайық өзені мен Еділ бойындағы татарлар, Қавказ тауын жайланаған қыпшақ тайпалары мен Алтай халықтары арасынан іздеу керек. Алаш ұранды Қазақ халқының құрылуы, тарих сахнасына шығуына да осы Алаша ханның тікелей қатысы бар болғандығын қазақ санасынан өшіре алмайсын. Ендеше, қазақ халқының басының құралуы тікелей Шыңғыс ханнан басталғандығын көреміз.

Қазақ аңызында Жошы хан Алаша ханның үлкен ұлы әрі ең жақсы көрген сүйікті ұлы ретінде сипатталады. Оның кенеттен қаза табуы, оған ұлы жыршы келіп көніл айтуды, мұның барлығы шынайы көнілден, риясыз жоқтаудан келіп шыққандығы байқалады. Егер Шыңғыс хан Жошыны меркіттен тұған біреу деп жек көрсө, онда дәл ауыз әдебиетінде сакталған үлгідей жыр үлгісі дүниеге келмес еді. Оған өзі жауалап алған аймақтың ең бір үлкен бөлігін бермес еді. Оның үстіне Жошы өлген соң әкесінен қалған иелікті Шыңғыс хан Батыр

ханға (Ұлықбектің «Төрт ұлыс тарихы» кітабында Батуды осылай атаған) бермек болады. Батыр хан ағасы Орда Еженнің жолы үлкендігін айтып бұл ұсыныстан бас тартады. Шыңғыс ханның алдына келіп өз уәждерін айтқанда Жошыны есіне алған Шыңғыс ханның қамығып жылағандығы турасында Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» кітабында баяндалған. Бұдан баласына деген сағыныштың әлі де болса басылмағандығын көрге болады.

Тарихқа көз салсак, Есукеі батыр ұлы Темужинді ертіп қыз айттыруға шығатыны бар: «Көшпендердің осынау үрдіс салтын мирас тұтқан Хамаг монғолдың тайпа басы, әрі батыры Есукеі тұңғышы Тәмужинге оның нағашы жұрты олхунуд тайпасынан қыз айттырып, құда түсуге аттанады. Бірақ әкелі-балалы екеуі олхунудтарға жетпей, жолда Цэгцэр Чихаргу деген мекенде отырған қоңырат тайпасының тайпабасы Дэй шешенге ұшырасып, оның қызы Бөртеге құда түседі. Бұл кезде бала Тәмужин 9 жаста, Бөрте қыз 10 жаста екен. Шығыс салтымен ұлын қайын жұртында қалдырып, ауылына қайтқан жолында әкесі Есукеі қайтыс болады. Бұл 1171 жылдың күзі» [7].

Есукеі баласына қыз айттырғанда жасы тоғызда болған, сол тұстағы монғол салтына орай тағы да төрт-бес жыл құтуі қажет болатын. Сонда Темужин Бөртені алған кезде 14–15 жаста болған. Ол туралы татар зерттеушілері былай дейді: «Когда Темучжину исполнилось девят лет, Есугей-Батыр решил женить его. С этой целью он взял Темучжина и поехал к своим знакомым, чтобы просвятить за него девочку Борте, из племени конкират. Борте была старше его сына на один год. Борте была очень милая девочка десяти лет, но по монгольским обычаям полагалось, чтобы жених и невеста были лет пять-шесть обручены, а уж после этого играли свадьбу» [8, 196 б.].

Тарихшы ғалымдардың көшпілігі Жошы туралы айтқанда оның меркіттен туғанын, Шыңғыс ханның жесірінің меркіттердің қолында он айдай болғандығын, сол кезде ол меркіттің балуанымен жақындасып қойғанын сөз етеді. Бір нәрсеге баса назар аударған дұрыс. Көшпелі түрік халықтары жер дауы, жесір дауына келгенде атойлап шыға келетіні бар. Даала заңына сәйкес қолға түскен әйел не қыз баланы қорлау, әсіресе екі қабат күйінде іштегі баласымен қолға түскен әйелді зорлау деген атымен болмаған! Ол дәуірде көшпелі түркі халықтары іште кеткен баланы жат жұртқа беріп көзін жәудіретпеген. Жаудың олжаға түскен әйеліне үйленген жағдайда, егер әйел сол елде

журіп қосылған байынан аяғы ауыр болса, іште қалған баланы сұраусыз жіберу деген дала заңында жоқ дүние гой.

Қай дәуірде өмір сүрген адамның әйелге қатысты тұсын зерттегендегі сол кезеңде қалыптасқан тұрмыстық салтпен байыпты түрде зерделеу қажет. XI–XII ғасырда өмір сүрген тайпалар арасында қақтығыстар көп болған, олжаға түскен қыз-келіншектердің үлестірілетін де кездері болған. Алайда ұл бала дүниеге келген жағдайда сол елдің басшылары өз қанын сұрауға, ұрпағын жат елде қалдырмауға тырысқан. XVIII ғасырдың өзінде қазақ батырлары қалмақтан үлеске тиген қыздарға үйленіп отырған, алайда көрінген жерде қалмақ қыздарын зорлап, масқаралап тастап кетіп отырған деген дерек ұшыраспайды. Мұндай масқараны қазақ орысқа құл болғаннан соң ғана көрді. Еуропалық агрессорлар өздері жаулап алған халықтардың қызын да, әйелін де зорлап кетуді өздеріне ар санамайтын еді. Қазіргі қазақ және монгол ғалымдарының көпшілігі еуропалық денгейде ойлайтын болғандықтан Жошы меркіттен туған дегенді ұялмай-ақ айта беретін болды. Сол кездегі дала заңын қаперіне де алмайды. Біріншіден, егер Бөрте меркіттердің қолында аманатта тұрған кезде меркіттің балуан жігітіне тұрмыска шыққан жағдайда ол бұрынғы қүйеуінің босағасын екінші қайта аттамауы керек еді. Тұтқынға түскен Бөртені сұрауы жоқ адам ретінде қорлаған жағдайда қоңырат тайпасы намысы аяқта тапталған өз қыздарының арын қорғау үшін меркіттерге қарсы жесір дауын даулары сөзсіз. Жесір дауы туса оның арты не соғыспен, не орнына қыз берумен аяқталуы керек болатын. Шынғыс ханға қатысты тарихта ондай оқиға болмаған сияқты, қоңырат пен меркіттер жесір дауы үшін соғыспағанын көреміз.

Шынғыс хан Дай шешеннің аулына барып, өзінің жесірі Бөртені алып қайтар кезде қазақ салты бойынша қалыңдығымен ұрын кездесіп, қалыңдық ойнап бір айға жуық жатады. Қалын малы өтелген қыз ұрын келген қүйеудің занды әйелі болып есептелген. Оңаша отау тігіліп, қыз берін жігітті табыстырған жеңгелері қүйеу жігіттен сүйіншісін алып болған соң төсегін салып, шымылдықтың ішіне екі жасты енгізеді. Төсекте бас қосқан соң жас қыздың пәктігін тексеру үшін таңертеңгісін жеңгесі келеді де өзі жайған төсекке назар салады. Қыздың пәк екендігіне көзі жеткен соң қыздың агасынан сүйінші сұрайды. Қыздың агасы бұл қуанышқа шаттанып, сол күні қой сойып жастарды үйіне жиып «қынаменде» тойын өткізеді. Егер қайынжүртта жүрген қүйеу бала жазатайым мерт болған жағдайда қыздың елі жесірді қаралы үйге енгізіп, жесірдің артынан келетін інісін не жақын туысын күтіп

отырған. Бұл оқиға қазақтың «Қыз Жібек» лиро-эпостық жырында жақсы көрініс тапқан.

Шыңғыс хан бөржіген руын басқарған Есукеі батырдың ұлы, мұндай ел басқарып отырған белгілі хандардың жесірін зорлау, сол сияқты пасық әрекетке бару тек қана ел тонаған қарақшылар, не жол торыған бауқеспе ұрылар болмаса, қалың меркіт елінің батыры мұндай хайуандыққа барудың арты өз елінің сүйегіне түсетін таңба болатынын жақсы білген. Шыңғыс хан да әлемнің жартысын жаулап алған кездің өзінде жолда кездескен көрінген қыз-келіншектерді зорлап отырған деген аңыз да, тарихи дерек те ұшыраспайды. Шыңғыс ханның әйелі көп болған, алайда ол ешкімді зорлықпен алмаған. Осындаі салт-дәстүр жағынан қарастырғанда ол кезеңді қазіргі XXI ғасырдың дәстүрімен салыстыруға және XXI ғасырдың ойымен кесіп-пішуге болмайды. Күйеуінің көзіне шөп салу, заңсыз некеден бала табу секілді түсініктер хандық қоғам ыдырай бастаған соң белең ала бастады.

Бұл жағынан қарағанда Рашид-ад-Диннің жазғаны шындыққа жанасады: «Осы туралы Рашид-ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» кітабына жүгінейік: «Жошы хан өзінен ұлken Фуджин begіm атты апасын санамағанда, Шыңғыс ханның балаларының ішіндегі ұлkenі еді. Ол төрт ұлдың (олар «төрт күлік» аталған, яғни тірек немесе басқалардан жоғары тұрған адамдар), бес қыздың анасы, Қонырат тайпасынан шыққан Дай нојанның қызы Бөрте Фуджиннен туған еді. Шыңғыс хан өміріндегі ұлken күрестердің бас кезінде, оның әлемдік державасының сипаты әлі тағдырдың парактарына түспеген кезде, оның жоғарыда аталған әйелі Бөрте Фуджин Жошы ханға жүкті болады. Сол кездерде меркіт тайпасы онтайлы жағдайды пайдаланып, Шыңғыс ханның үйін тонап, екіқабат әйелін алып кетеді. Осының алдында ғана ұзак уақыт Керей патшасы Оң ханмен жаулықта болса да, (бірақ) дәл сол кезде олардың арасында татулық болғандықтан, олар (меркіттер) Бөрте Фуджинді Оң ханға жібереді. Шыңғыс ханның әкесімен аңда болып, Шыңғыс ханды балам деп атаған Оң хан Бөртеге құрметпен, мейірімділікпен қарал, келіндерінің қатарына қосып, өзге, жат адамдарға көрсетпей, тұмсықтыға шоқытпай, қанаттыға қақтырмай күтті және күзетті. Шыңғыс хан бұл туралы білген соң, Оң ханға онғұттар ішіндегі жалайыр тайпасынан шыққан әмірі Сабаны жібереді. Оң хан Бөрте Фуджинге құрмет көрсетіп, Сабамен қайтарып жібереді. Жолда келе жатқанда ол ұл туып, сол себептен оған Жошы есімі беріледі. Саба азгана ұннан қамыр жасап, сәбиді соған орап, оған зақым келтіріп алмас ұшін абылап жүріп отырып, Шыңғыс ханға

жеткізеді. Ол өскен соң әкесімен әңгімесі жарасатын, айырылмайтын серігі және бақыт пен бақытсыздықтарда көмекшісі болады. Бірақ онымен інілері Шағатай, Үгедей арасында әрқашанда ұрыс-керіс, келіспеушілік болады» [9].

Шыңғыс ханның туған кезі 1155 жыл деген дерек қисынға келетін сияқты. Сонда Бөртеге құда түскен кезде ол 9 жаста емес, 15–16 жаста болған. 1171 жылы Бөртеге үйленген соң он-он бір айдан соң тұңғыштары Жошы дүниеге келеді. Демек, Жошы 1172 жылы дүниеге келіп, билікке қол жеткізе бастаған әкесінің әрі кеңесшісі әрі ең сүйікті ұлы ретінде барлық жорықтарға қатысады. Өзі өлген соң мұрагерлікті де Жошыға беруі мүмкін болатын. Әкесінің мұндай ойын сезген Шағатай әкесіне Жошыны жамандаумен болады. Тарихшы З.Қынайтұлының дерегінше: «Шыңғысхан 1225 жылдың күзінде Хорезм жорығынан атамекеніне қайтып оралып, Туланың қара орманында хан ордасын тігеді. Келе сала алда тұрған Тангут (Си Ся) жорығына қамдана бастайды. Жорыққа байланысты ол өз ұлдары және қолбасшы, кеңесшілерін қара шаңырақта бас қосуға шақырады. Жошы «Денсаулығының ақаулығына» байланысты бұл жолы да келе алмады. Бірақ Хорезмнен келген Шағатай «Жошы қыпшақтарды жақын тартып алғаны соншалық ол ата жұртынан іргесін алысқа салып қана қоймай тілтен қара шаңыраққа қарсы бағытталған әрекет жасауды ықтимал», – деген хабар жеткізеді. Оның үстіне дәл осы кезде Маңғыттық біреудің: «Жошы хан есен-аман Қыпшақ даласында бөкен аулап жүр, – делінетін хабары Шыңғысханды шынымен қаһарына міңгізеді. «Жошы бізге жау болды, ол жынданған екен», – деп қаһарланған Шыңғысхан Өгөдәй, Шағатай қолын Жошыға қарсы аттандырып, өзі ұлдарының соңынан атқа қонбақшы болып жинала бастайды. Дәл осы сәтте «Жошы дүниеден өтті» деген оқыс хабар келіп жетеді. Шыңғысхан басында бұл хабарлардың қайсысына сенерін білмей дал болды» [7].

Бұрын да сырқаттанып жүрген Жошы сәл айығып, аңға шыққан кезінде 53 жасында кенеттен аттан құлап мерт болады. Жошының өлімі кәрі Шыңғыс ханды күйзеліске ұрындырғаны сөзсіз. Сүйікті ұлын арулап жер қойнына өз қолымен қойғаны да сөзсіз. Ханның ауыр қазаның үстінде отырып күйзеліске түскені сол кездегі жазбаларда сақталып қалған. Мұндағы Шыңғыс ханның егілуі, қайғыруы шындығында да Жошыны айрықша жақсы көргенінен хабар береді.

Кетбұғаның Шыңғыс ханға ұлы Жошының қайтыс болғандығы туралы естіртуінде былайша толғайды:

«— Тенгіз баштын булғанды,—
Кім тондуур, а ханым?!
Терек тұбтен жығылды,—
Кім тургузур, а ханым?!—
— Тенгіз баштын булғанса,
Тундурап оғлум Жуши дүр,
Терек тұбын жығылса,
Тургузур оғлум Жуши дүр.
— Көзүнг йашын йүгүртер,
Коңлұң толды болғаймы?!
Жырынг көнүл өкүртүр,
Жуши öльди болғаймы?!
— Сойлемеске еркім йок,
Сен сойледин, а ханым!
Öз йарлығың özге жаб,
Айу öйладинг, а ханым!
— Кулун алған куландай,
Кулунумдин айрылдым!
Айрылышкан аккаудай
Ир улумдин айрылдым.

Міне, бұл келтірліген жырдан аңгаратынымыз – Шыңғыс ханның Жошының қайтыс болғанын естіртуден бұрын білетіндігі» [10, 136–137 бб.].

Халықтың жадында сақталған ақыздар мен хатқа түскен бұл жырдан-ақ, Жошының өлімін қаған әкесіне естірту оңайға түспегенін аңғартады. Екіншіден, мұнда Шыңғысхан әuletінің үрдіс, салтының түркілік салт дәстүрге өте-мөте жақындығын көрсетеді. Қазақтың «Ақсақ құлан» күйін тудырған ақыздың сарыны да тұра осы оқиғаны меңзейді.

«Теніз бастан былғанды» деп теңізді тыныштандырар, яғни қалың қалықтың көңілін тауып басқара алатын, «ағаш түптен жығылды» дегендे қулаған хан ордасын қайта тіктей алатын кеменгер үлдан айрылғанын меңзеп тұр. Жошы қайтыс болған соң оны Ұлытауға жерлеген. Кейін Шыңғыс хан да Ұлытауға жерленгенге үксайды. Қазіргі Алаша хан кесенесі өзгениң емес сол Шыңғыс ханның қабірі болуы мүмкін. Ол кезде қайтыс болған хандарды елдің көзінен

жырақ ұстап, сүйегін қорлатпау үшін құпия жағдайда жерлейтін дәстүр болған. Қазіргі кезде Шыңғыс ханның моласы табылса, оның ішінен мол байлық, алтынмен көмілген адам шығады деген түсінік қалыптасқан. Алайда XII–XIII ғасырларда жерленген адамдар мейлі ол хан болсын, мейлі атақты бай болсын өзі тұтынған заттарымен қоса жүйрік атын, қызметтегі кәнизектерімен қоса жерлеу секілді ескі шамандық нанымдағы салттық жоралғылар өз қуатынан айырыла бастаған еді. Бұл тұста сол кездегі жерлеу салтының қай діни сенім бойынша қойғандығын зерттеудің маңызы зор болмақ. Ол дәуірдегі діни жоралғылар бойынша жерлеуде орын алып жатқан өзгешеліктер туралы қазақтың этнограф ғалымдары оншалықты көп мағлұматтар айтпайды. Монғол ғалымдары да Шыңғыс ханды қалай жерлегендігі туралы ештеңе айтқысы келмейді. Монғолдарда өлген адамды арулап жер қойнына табыстау салты болмаған. Олар өлген адамды төбеге апарып қояды. Бұл салт оларда XX ғасырдың ортасына шейін сақталды. Орыстың араласуымен ғана бұл салт кейін өзгеріске түсе бастаған.

Шыңғыс хан өлген соң оны қалай жерлегені жайлы дерек Ұлықбектің «Төрт ұлыс тарихы» атты еңбегінде жазылған: «Содан соң Сақыпқыран ағзам ұлы Шыңғысханның мәйітін (в. 109а.) бір теректің астына алып келді, ол бір күні аңға шыққан кезінде осы ағаштың астында отырғанда: «Бұл жер менің қабіріме лайық екен, уақыттым жеткенде осы жерге әуезді бір күмбез түрғызып мәйітімді болат табытқа салып, сол күмбездің ішіне қойындар!» деп өсiet қылған еді. Оның перзенттері мен жақындары бүйрекқа бағынды. Темір табытты алты жерінен оханрабога (магнитке) жабыстырып қойды. Табыт күмбез ішінде ауада ілініп тұрды. Айналасына қоршаша қойды. Күмбез қазіргі кезде төнірегін шырмаған шенгелдер арасында қалған. Айтуларынша, қазіргі кезде күмбез жаққа баратын жалғызаяқ соқпақ бар, бірнеше кәпірлер ол жерге өзінің баспаналарын түрғызып алған» [11, 202 б.]

Шыңғыс хан қайтыс болған соң оны биік ағаштың қасына жерлегендігі жайлы мәлімет Әбілғазыда да кездеседі: «Шыңғыс хан бірде аң аулап жүріп, бір биік ағаштың астына тоқтап, қасындағыларға: «Мен өлсем, осы ағаштың түбіне жерлерсіндер», – деген еді. Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін, оның денесін ағаш астауға салып, сол ағаштың түбіне жерледі. Ол жерді Бурхан қалдун дер еді. Хан

жерленген соң ол жерге қалың ағаш пайда болды, оқ атса өтпес еді. Ол жер кейін ханзадалар мен әміршілерді қоятын үлкен қорымға айналды» [12, 92 б.].

Екі тарихшының айтқан болжамы да бір-бірінен алшақ кетпеген. Шыңғыс хан аңға шығып жүріп өзі өлген жағдайда өзі көрсеткен бәйтеректің түбіне жерлеуді аманаттаған. Шыңғыс ханның бұл аманаты шамандық нанымға келеді. Алып бәйтерек шамандық нанымдағы үш әлемді жалғап тұратын бақсызық түсінікпен ұштасып отырады. Қалай болғанда да сол кездегі ел жадындағы әңгімеге орай Шыңғыс ханды түркі дәстүріне сай арулап жер қойнына тапсырған бол шығады. Қыпшақ тайпалары ежелден қайтыс болған хандарын арулап көмген. Кейін басына белгітас орнатып отырған. Атақты адамның жерленген жері қасиетті орынға айналған. Ондай қасиет қонған мекенге құрбандық шалып отыру дәстүрі бізде бертінгे шейін бар. Шыңғыс ханның да мәңгілік мекенге айналған орны қараусыз қалуы мүмкін емес-тін. Ол жерленген жер Алтын Орда дәүірінде қасиетті мекенге айналып үлгерген. Қарахан дәүіріндегі сәулет үлгісімен салынған Алаша хан кесенесі сол тұста көптеген хандардың зиярат ететін қасиетті орынға айналады. Ұлытау жерінде сол дәүірден қалған көне қорымдар өте көп кездеседі. Алаша хан мен Жошы хан, Домбауыл секілді кесенелердің бой көтеруі Алтын Орда кезеңінде зиярат орнына айналғандығынан хабар береді. Тарихи деректерден белгілі Алтын Орданы билеген Токтамыс, Едіге билер де өздері өлген соң сүйектерін аманаттап әкеліп, осы Ұлытау қойнына тапсырады. Бұдан да бөлек қаншама хандар Ұлытауға жерленген болуы керек.

Жошы ханның Ұлытауға жерленуінің өзі сол тұста бұл жердің аса маңызды рөл атқарғандығын көрсетсе керек. Тарихшылардың өзі бұл киелі мекенге айрықша назар аударады. Оның кезінде Жошы ұлысының орталығы болғанына тоқталады: «Ұлыстың орталығы кейбір деректерге қарағанда, Ертіс бойында деп жазылса, ал басқа бір деректерде Сарысу мен Кенгір өзендерінің құйылысында делінеді. Шамасы, соңғы дерек шындыққа жақын. Өйткені, Жошының күмбезі осы өзендердің бойында тұр» [13, 225 б.].

Қыпшақ тайпаларының үйисіп бір орталыққа бағыну жолында Ұлытау жеріндегі қасиетті орданың маңызы айрықша болған. Ел аузында сақталған аңыздарда Жошының әкесі Алаша хан осы өнірге жерленген.

Алаша ханның Шыңғыс хан екендігін халық аузында сақталған мына өлеңнен-ақ білуге болады:

Алаш-алаш болғанда,
Алаша хан болғанда.
Қазак, қалмақ, ногайлар
Бәрі сонда бір болған.
Ынтымағы жарасып,
Айдын көлдей дүр болған.
Еділ – Жайық, Оралды
Өрлей қойشا жайылған.
Хан Жәнібек өлген соң
Токтамыс, Темір болған соң,
Ел ішіне жік түсіп,
Үш бөлшек боп айырылған.
Қазак, ногай құбылады,
Мұсылманға жай тартып,
Дін үшін қатты қайғырған.
Қалмақ, ногай бөлініп,
Кәпірлігі білініп,
Күн шығысқа қайырылған.
Шын бұғыдай сонда деп,
Алтайды мекен жай қылған [14, 18 б.].

Алаша хан болғанда деп Шыңғыс ханды айтып тұрган сияқты, себебі бұрынды-соңды тарихта қалмақ, ногай, алтай халықтарының басы қосылып бейбіт өмір сүріп, Еділ мен Жайықты өрлеп көшіп-қонып жүрген кезеңі сол Шыңғыс пен Жошының дәуіріне келеді. Одан кейін «Токтамыс, Темір, Едіге» тұсында ел ішіне жік түсіп, үш бөлшекке айырылғаны да тарихта белгілі. Алтын Орданы қалпына келтіру жолында ел тізгінін қолына алған билер мен әмірлердің барлығы да Шыңғыс хан құрган империяға адамыз деп ойлаған. Оны күйретуді ойламаған. Токтамыспен соғысу үшін үш жұз мың әскер алып шыққан әмір Темір алдымен Ұлытауға барып Алаша ханның басына зиярат жасайды. Өз қолтаңбасы ретінде Ұлытауда тасқа жазып, белгі қалдырады. Қазіргі ғалымдардың оқуынша онда былай деп жазылған: «Тасқа қашалған жазудың үш жолы араб, сегіз жолы шағатай тілінде жазылған. Арабша жазудың мазмұны мынадай: «Рақымды да шапағатты Алланың атымен! Жер жүзінің әміршісі, шындықтың шамшырағы. Берік қорғаушы, бәрінен де күшті, бәрінен де құдіретті, Өмір мен өлім сыйлаушы данышпан!». Ал шағатай жазуының аудармасы: «Жеті жұз тоқсан үшінші жылдың жазы, қой

жылы көктемнің ортаңғы айы [1391 ж. 6 сәуір], Тұран сұлтаны Темір бек ислам діні үшін үш жұз мың әскермен бұлғар ханы Тоқтамыс ханға қарсы аттанды. Осы жерге жетіп, ескерткіш белгі болуы үшін ол осы қорғанды тұргызды. Алла бұйырып, жаратушы әділ төрелігін жүргізсін! Жаратушы ел халқына мейірімін төксін! Бізді ескеріп жарылқасын» [7].

Алаша хан мазарының ішінде жатқан сүйекті қазып алыш, оның жасы мен антропологиялық келбетін зерттеген ғалымдар да мұның Шыңғыс ханға ұқсайтындығы жайлы қорытынды жасаған. Белгілі антрополог-ғалым О. Смағұлов жүргізген зерттеулердің қорытындысы мынадай болып шыққан: «Алаша хан кесенесіндегі моланы 1998 жылы антрополог ғалым О.Смағұлов арнайы зерттеу жүргізу үшін қазған болатын. Одан алынған адамның бас сүйегін Мәскеу қаласындағы Герасимов аталатын пластикалық антропология зертханасына жөнелтіп, ондағы ғалымдар толық зерттеу жүргізе келе, жерленген адамның бет-әлпетін қалпына келтірген еді. Кей ғалымдар сол жасалған бет-әлпетке байланысты Қазақ хандығының негізін қалаған Керей болуы ықтимал десе, келесілері оны тарихи тұлға Шыңғыс ханға ұқсайтынын айтады» [7].

Қазіргі кезде Шыңғыс ханның қабірін іздең сабылып жүрген ғалымдар оның жатқан жері не Монголия, не Алтай жері болуы мүмкін деп жорамалдайды. Егер ол жерлерде болса онда сол халықтар оның қабірін ашып, кесене тұргызып, туризмді жандандырган болар еді. Алаш атауы – қазақ, қарақалпак, қырғыз, ногай секілді туысқан халықтарда әлі күнге шейін жаңғырып тұрған атау. Тарихта «Алаш» атын жамылған монгол хандығынан шыққан хандар, батырлар да аталады. Бұлар оны өзіне лақап ретінде алған. Алты алаш ұлысы да Жошы хан иелігінде өмір сүріп жатқан қыпшақ тайпаларының Шыңғыс хан кезінен қалыптасқан атауы деп айтуымыз керек. Кезінде Жошы ұлысы «Алаш» атауымен аталғандығы туралы мынадай да дерек кездеседі: «Монгол империясының 1331 жылғы картасы осы империялық біртұастықтың бұлтартпайтын құжаты болып табылады. Бұл сыйбада Монгол империясы сыйықтармен бірнеше бөліктерге бөлінсе де, олардың бәрі тұтас бір елді құрайды... Осы сыйбаға сәйкес Русь жері (Монгол сыйушысы “А-ло-ш” деп белгілеген...) бүкіл дүниемен пара-пар болатын Азиялық ұлы әлемнің солтүстік-батыстағы ең шеткі түкпірі болып табылады. Алайда, Русь жері бұл әлемнің

Б.С. Әбжет, С.Ж. Құдасов. Алаша хан – Жошы хан.

дербес бөлігі емес; ол ұлы ханға тікелей бағынбайды. Орыс жері Жошы ұлысына кіретін Үзбек патшалығының құрамында тұр (Г.В. Вернадский).

Вернадскийдің бұл мәліметінен осы уақытқа дейін айтылмаған тосын тұжырым туындаиды. Ол бойынша жаулап алынған орыс жерлері Жошы ұлысының құрамына “Алаш” (Алош) деген атпен кірген» [15].

Алаша хан мен оның ұлы Жошы хан жайлы деректер сол жерде тұратын қазақтардың аузынан жазылып алынған. Одан да басқа көптеген жәдігерлер мен ақыздар қазақ халқының фольклорында сайрап жатыр. Алаша хан мазары тікелей Шыңғыс ханға қатысты ма, сол жағын көбірек әрі тереңірек зерттеуді қажет етеді. Алтын Орданың тікелей мұрагері Қазақ елі екендігін насиҳаттаудың да уақыты келгендігін айтудың көрек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. Санкт-Петербург: «Кристалл», 2002. – 768 с.
2. Мухамед-Халел Сулейманов, Ильяс Сулейманов. С89Проиндоевропейские корни в казахском языке. Краткий философско-лингвистический справочник. – Алматы, 2010. – 100 с.
3. Сейдімбеков А. Құңғір-құңғір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар. – Алматы: Жалын, 1981. – 240 б.
4. Нығымет Мыңжаны / Таңдамалы мақалалар. Алматы: «Мерей» баспасы, 2017. – 176 б.
5. Ушницкий В.В. Средневековые народы Центральной Азии (вопросы происхождения и этнической ситории тюрко-монгольских племен). – Казань: Изд-ва «Фэн» АН РТ, 2009. – 116 с.
6. Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме / Факсимелие, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертүлер, зерттеу мақалалар В.П.Юдиндікі. Алғысөзін жазған, түсіндімелері мен көрсеткіштерін жазған М.Қ.Әбусейітова. –Алматы: Даик-Пресс, 2005. –400 б.
7. Зардыхан Қинаятұлы. Жошы ханның ата тегі төңірегіндегі аныз бер ақиқат / "Шыңжан қоғамдық ғылыми" журналы. 2000. № 1. Дереккөзі: <https://www.zharar.com/kz/makal/1077-girl.html@www.ZHARAR.com>
8. Татары, тюрки – иатрясатели Вселенной (История Великих Империй) / Р.Н.Безергинов,-2-е изд, исправление. – Новосибирск: ЦЭРИС. 2001 – 733 с.
9. Артықбаев Ж. Источник: https://e-history.kz/kz/publications/view/borte_hanimnin_zhau_kolina_tusui_5664?fbclid=IwAR3gJmQ4j8itRn17cV16h3kdW1dc-RfDErigMKYrDtHCDM_J9Ga7ugnlA1k © e-history.kz
10. Қасқабасов С. Қазактың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
11. Улугбек, Мирзо. Түрт улус тарихи. (Б.Ахмадовнинг кириш сузи, изохлари ва тахририда: форс тилидан Б.Ахмадов ва башк. тарж.) – Т.: Чулпон, 1993 – 352 б.
12. Әбілғазы. Тұрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 2006. – 200 б.

13. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазак елінің тарихы. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған окулық./Алматы, С.Жолдасбайұлы «Кітап» баспасы, 2010. – 336 б.
14. Ер Едіге. Қ.Сәтпаевтың алғы сөзімен 1927 жылы басылған. Алматы: Ғылым, 1995. – 152 б.
15. <https://turkystan.kz/article/50427-alasha-han> (15.01.2020)

REFERENCES

1. Gýmilev L.N. Drevniaia Rýs i Velikaiia step. – Sankt-Peterbýrg: «Krístall», 2002. –768 s.
2. Mýhamed-Halel Sýleimanov, Ilias Sýleimanov. S89Proïndoevropeiskie korni v kazahskom iazyke. Kratkii filosofsko-lingvisticheskii spravochnik. – Almaty, 2010. – 100 s.
3. Seidimbekov A. Kúngir-kúngir kúmbezder: Sulýlyq týraly syrlar. – Almaty: Jalyn, 1981. – 240 b.
4. Nyýmet Myýjanı / Tańdamaly maqalalar. – Almaty: «Mereı» baspasy, 2017. – 176 b.
5. Ÿshnitskii V.V. Srednevekovye narody Tsentralnoı Azii (voprosy proishodenıı etnicheskoi sitorıı tiýrko-mongolskih plemen). – Kazan: Izd-va «Fen» AN RT, 2009. – 116 s.
6. Ótemis qajy. Shyń gys-name/Faksimelie, transkriptsııasy, mätinnamalyq eskertýler, zertteý maqalalar V.P.Iýdındiki. Algýsózin jazǵan, túsinidirmeleri men kórsetkishterin jazǵan M.Q.Ábýseitova. – Almaty: Daik-Press, 2005. – 400 b.
7. Zardyhan Qınaiatuly. Joshy hannyń ata tegi tóńiregindegi ańyz ben aqıqat/ "Shyńjań qoǵamdyq ýlymy" jýrnaly. 2000. № 1. Derekközi: <https://www.zharar.com/kz/makal/1077-girl.html> ©www.ZHARAR.com
8. Tatarı, tiýrki – iatriasateli Vselennoı (Istoria Velikih Imperıı)/R.N.Bezertinov,-2-e izd, ispravlenie. – Novosibirsk: TsERIS. 2001 – 733 s.
9. Artyqbaev J. Istochnik: https://e-history.kz/kz/publications/view/borte_hanimnin_zhau_kolina_tusui_5664?fbclid=IwAR3gJmQ4j8itRn17cV16h3kdW1dc-RfDErigMKYrDtHCDM_J9Ga7ugnlA1k © e-history.kz
10. Qasqabasov S. Qazaqtıı halyq prozasy. – Almaty: Ғылым, 1984. – 272 b.
11. Ÿlýgbek, Mirzo. Týrt ýlys tarihi. (B.Ahmadovning kirish sýzi, izohları va tahrırıda: fors tilidan B.Ahmadov va bashq. tarj.) – T.: Chýlpın, 1993 – 352 b.
12. Ábilgazy. Túrik shejiresi. – Almaty: Ana tili, 2006. – 200 b.
13. Joldasbaiuly S. Ejelgi jáne orta ғасырдағы Qazaq eliniň tarihy. Joǵary oqý oryndarynyń stýdentterine arnalǵan oqýlyq. / –Almaty, S.Joldasbaiuly «Kitap» baspasy, 2010. – 336 b.
14. Er Edige. Q. Satpaevtyń algý sózimen 1927 july basylǵan. – Almaty: Ғылым, 1995. –152 b.
15. <https://turkystan.kz/article/50427-alasha-han> (15.01.2020)

Özet

Bu çalışmada Ultau bölgesinde gömülü olan “Cuci Han”, “Alaşa Han”ın mezarlarıyla ilgili ülke içinde anlatılan efsanelere dayanılarak Cengiz Han'a dair bilgiler verilmiştir. Halk efsaneleri ve târihi kayıtlara dayanılarak “Alaşa Han”ın mezarının (türbesinin) Cengiz Han'in gömülü olduğu kutsal bir yerde olabileceği ihtimali çok yüksektir. Cengiz Han ve oğlu Cuci Han da dahil olmak üzere tarihte birçok handan Alaş ve Alaşa Han olarak bahsedildiği bilinmektedir. Kazak bozkırlarında yaşayan göçebe Kipçak kabilelerinin her zaman bir millet olmak, bir devlet kurmak ve Kazak Hanlığını oluşturmak düşüncesine ve daha sonraki devlet yönetimlerindeki “Alaş” fikrine işaret etmektedir. Göçebe Kazak kabileleri arasında, iktidarı elinde bulunduran bir “tore kurumu” oluşumundan, devlet seviyesine yükselen yöneticilerin rölünün öneminden bahsedilmiştir. Milli kimliğin uyanışında bu tür târihi mekânların tanıtımı önemlidir.

Anahtar kelimeler: Alaşa Han, Cuci Han, Ultau, runik taş, Kipçak bozkırı, devlet.

(B. Abjet, S. Kudasov. Alaşa Han – Cuci Han)

Аннотация

Автор стремится подчеркнуть свое повествование в отношении Чингисхана, основанное на распространенных по всей стране легендах о могилах "Джучи хан" и "Алаша хан", захороненных в Ультауском районе. Анализируя легенды и исторические записи, Алаша хан предполагает, что этот могила может быть Чингисхана, священным местом для посетителей. Отмечается, что имя Алаш-хан упоминается в истории нескольких ханов, в том числе Чингиза и его сына Джучи. Кочевые племена кипчаков, жившие в казахской степи на любом этапе, указывают на централизацию национализации, лозунг «Алаш» во имя государственности, образование Казахского ханства и последующую идею «алаш» в более поздних государственных структурах. Среди кочевых казахских племен - создание «института топе (белый кости)», который держал власть в своих руках, подчеркивая тем самым важность роли чингизидов в их продвижении на государственный уровень. Важно подчеркнуть важность продвижения таких исторических мест, чтобы пробудить дух нации.

Ключевые слова: Алаша-хан, Джучи хан, Ультау, рунический камень, долина кипчаков, государство.

(Б.С. Абжет, С.Ж. Кудасов. Алаша хан – Жошы хан)